

## Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1445 Қаулысы  
2004 жылғы 26 желтоқсандағы жер сілкінісінің салдарынан зардап шеккен  
Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ізгілік көмек көрсету  
мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:

1) 1 және 2-қосымшаларға сәйкес ізгілік көмек көрсету үшін материалдық құндылықтарды мемлекеттік материалдық резервтен шығарсын және жұмылдыру резервінің б р о н ы н а н а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, жүкті бірге алып жүруді және алушыға беруді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен бірлесіп, Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасына ізгілік көмек көрсетуге байланысты материалдық құндылықтардың құнын өтеу және оларды автомобиль және авиация көлігімен тасымалдау үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы шешімнің ж о б а с ы н е н г і з с і н .

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ізгілік көмек ж ү г і н :

1) автомобиль көлігімен материалдық құндылықтарды сақтау пункттерінен Қарағанды қаласының әуежайына дейін;

2) Қарағанды қаласының әуежайынан Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы Коломба қаласының әуежайына дейін жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының "Бүркіт" республикалық мемлекеттік кәсіпорны ізгілік көмек көрсету үшін оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар материалдық құндылықтарды Қарағанды қаласының әуежайынан Шри-Ланка Демократиялық Социалистік Республикасы Коломба қаласының әуежайына дейінгі

бағыт бойынша әуе тасымалы жөніндегі қызметтер көрсетуші болып белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі өз құзыретінің шегінде осы қаулыны орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

*міндетін атқарушы*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2004            ж ы л ғ ы            31            ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№    1 4 4 5            қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Ізгілік көметін көрсетуге арналған материалдық  
құндылықтардың тізбесі**

Тары ботқасы 325 грамнан - 80748 физикалық қалбыр  
Арпа жармасы 325 грамнан - 39492 физикалық қалбыр  
Кір сабын 3 тонна

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2004 ж ы л ғ ы 31 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
№ 1 4 4 5 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

**Ізгілік көмегін көрсетуге арналған дәрі-дәрмектер  
мен таңу құралдарының тізбесі**

Р/с  N	Материалдық құндылықтардың атауы	Саны
-----------	----------------------------------	------

**Дәрі-дәрмектер**

1	Анальгин 0,5 N 10 таблеткіде	250 орам
2	Анальгин 50% 1,0 мл	3700 ампула
3	Баралгин 5,0 мл ампулада	117 ампула
4	Бисептол 0,48 N 20	377 орам
5	Валидол 0,06 N 10	26 орам
6	Глюкоза 40% р-р 20,0	мл-дан

7	ампулада					4000	ампула
	Глюкоза	5%	р-р	400			мл-дан
8	флакonda					60	флакон
	Дибазол	1%	р-р	1,0		2000	ампула
9	ампулада						
	Димедрол	1%	р-р	1,0		3000	ампула
10	Йод	5%	р-р	10		50	флакон
11	Глюконат кальцийі	0,5	мл-дан	N 10		500	орам
12	Ацетилсалицилді қышқыл	0,5		N 10		1000	орам
13	ампулада						
	Коргликон	0,06%	р-р	1,0		110	ампула
14	Мезатон	1%	р-р	1,0	мл-дан	1000	ампула
15	ампулада						
	Новокаин	0,5%	р-р	5,0		2000	ампула
16	ампулада						
	Аммиак	10%	1,0.N	10	ампула	300	коробка
17							
	Гидрохлорид						папаверині
	2,0	мл-дан	ампулада			2000	ампула
18	Преднизолон	0,005		N 100		50	орам
19	Сульфадимезин	0,5	N 10	217	орам		

### Антибиотиктер

1	Бензилпенициллин		н/с	500	мың		
	бірлікте					100000	флакон
2	Г/х доксацилин	0,2	мл-дан	N 10		1000	орам
3	Левомецитин	0,5		N 10		1500	орам
4	Нистатин	250000	бірлікте	N 20	60	флакон	

### Қан және қан алмастырғыштар

#### препараттары

1	Полиглюкин	400	мл-дан	флакonda		500	флакон
2	Гемодез	400	мл-нан	флакonda	500	флакон	

#### Уытсыздандыру құралдары

1	Хлорамин	90	килограмм				
---	----------	----	-----------	--	--	--	--

#### Таңу құралдары

1	Гипс бинті	3x15				420	дана
2	Марлілі айықтырғыш бинт	10x5				20000	дана
3	Марлелі айықтырмайтын бинт	10x5				10000	дана
4	Айықтырғыш салфеткалары	45x29				3500	дана
5	Мақта-марлелі						айықтырғыш
	жастықша	10x10				80	дана
6	Мақта-марлелі						айықтырғыш

7	жастықша 15x15	1600 дана
	Тығыздалған хирургиялық шұға	
	1,25 N 00	5000 ампула
8	Хирургиялық айқытқыш шұға N 3	100 ампула
9	Хирургиялық айқытқыш шұға N 6	200 ампула
10	Айқытқыш кетгугі N 4	1000 ампула
11	Медицина марлесі	10000 метр
12	Санитарлық тасығыштар	250 дана
13	Қан және қан алмастырғыштарды құюға арналған пластикалық жүйе	5000 дана

---